

**Айтқұл Шынасилов атындағы орта мектебінің
кезектен тыс №6 педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі**

Жарлысу ауылы

11.03.2025 жыл

Қатысушылар: 34

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен педагогикалық ұжымды таныстыру.
2. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелеріне баға беру.

Тыңдалды:

1. Мектеп директоры І.Қ. Назарбеков педагогикалық ұжымды өзін-өзі бағалау нәтижесімен таныстырды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын негізге ала отырып мектепте 20 ақпан және 15 наурыз аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілгенін айтты. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 2-ші тарауы бойынша барлық бөлімдер: 1-параграфтың 9-11 бөлімдері, 2-параграфтың 12-15 бөлімдері басшылыққа алынып, іс-шаралар жоспарына сәйкес орындалды.

Өзін-өзі бағалауды жүргізу барысында барлық комиссия құрамы өзіне жүктелген міндеттемелерді өз деңгейінде орындады. Педагогикалық ұжым мүшелері толық қамтылып, оқушылармен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының негізінде анықталды.

Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы:

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау:

Сауалнама нәтижесі:

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін пайдаланылатын сауалнама қорытындысы 4 – сынып

№	Сұрақтар	Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны	Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	14	79%	21%		

2	Менің сүйікті заттарым бар	79%	21%		
3	Менің сүйікті мұғалімдер бар	93%	7%		
4	Біздің мектептің мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	71%	29%		
5	Сабақта мен әрқашан ө пікірімді еркін айта аламын	71%	29%		
6	Сабақта мұғалім менің мінезқұлқымды емес менің білімімді бағалайды	57%	43%		
7	Мен мектепте жиі шаршаймын	7%	14%	72%	7%
8	Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстарының саны бір күнде екіден көп	14%	22%	57%	7%
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	71%	29%		
10	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	57%	43%		
11	Мен өз құқығымды білемін	71%	29%		
12	Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барады	50%	50%		
13	Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілі бар	57%	36%	7%	

14	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің жетістіктерім байқалады		71%	29%		
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын		86%	14%		
16	«Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді?» сұрағына «толық келісемін» 90%, «келісемін» 10%, «келіспеймін» 0%, «толық келіспеймін» 0% жауап берді.			8%	50%	42%

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін пайдаланылатын сауалнама қорытындысы Орта білім беру ұйымдары оқушыларының ата-аналары үшін (4- сынып)

№	Сұрақтар	Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны	Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	14	69%	31%		
2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар		62%	38%		
3	Мектеп сапалы білім береді		85%	15%		
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі		69%	31%		
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды		77%	15%	8%	

6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді		69%	31%		
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды		62%	38%		
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын		67%	33%		
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын		61%	31%	8%	
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысын қанағаттанамын		100%			
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі		69%	23%	8%	
12	Мен мектеп асханасы/буфет жұмысымен қанағаттанамын		54%	46%		
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды		69%	31%		
14	Менің балам мектепте Қауіпсіз		77%	23%		

15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды		62%	38%		
16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын		69%	31%		
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар		46%	54%		
18	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.			10%	80%	10%

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін пайдаланылатын сауалнама қорытындысы 9 – сынып

№	Сұрақтар	Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны	Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Мен өз мектебімде оқуға қызығамын	23	96%	4%		
2	Менің сүйікті заттарым бар		91%	9%		
3	Менің сүйікті мұғалімдер бар		91%	9%		

4	Біздің мектептің мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады	100%			
5	Сабақта мен әрқашан ө пікірімді еркін айта аламын	96%	4%		
6	Сабақта мұғалім менің мінезқұлқымды емес менің білімімді бағалайды	91%	5%		4%
7	Мен мектепте жиі шаршаймын			26%	74%
8	Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстарының саны бір күнде екіден көп			96%	4%
9	Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы	96%	4%		
10	Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын	96%	4%		
11	Мен өз құқығымды білемін	96%	4%		
12	Мен келесі үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барады	87%	13%		
13	Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілі бар	91%	9%		
14	Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде менің	91%	9%		

	байқалады					
15	Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын		100%			
16	«Сізге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді?» сұрағына «толық келісемін» 90% «келісемін» 10%, «келіспеймін» 0%, «толық келіспеймін» 0% жауап берді.		90%	10%		

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін пайдаланылатын сауалнама қорытындысы Орта білім беру ұйымдары оқушыларының ата-аналары үшін (9- сынып)

№	Сұрақтар	Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны	Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Менің балам мектепке қуана барады	23	95%	5%		
2	Сыныпта қолайлы атмосфера бар		100%			
3	Мектеп сапалы білім береді		100%			
4	Оқу пәндері менің балама оңай беріледі		91%	9%		
5	Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды		95%	5%		
6	Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамалан тыс		86%	14%		

	жүктелмейді				
7	Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды	95%	5%		
8	Мен баланың оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын	100%			
9	Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын	95%	5%		
10	Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысын қанағаттанамын	100%			
11	Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі	95%	5%		
12	Мен мектеп асханасы/буфет жұмысымен қанағаттанамын	95%	5%		
13	Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды	91%	9%		
14	Менің балам мектепте Қауіпсіз	95%	5%		
15	Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды	95%	5%		

16	Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын		95%	5%		
17	Мектеп өміріне қатысуға ниет бар		86%	14%		
18	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.		81%			19%

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін пайдаланылатын сауалнама қорытындысы Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін 4, 9- сынып білім алушыларының мұғалімдерінен алынған сауалнама қорытындысы

№	Сұрақтар	Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны	Толық келісемін	келісемін	келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Мен осы мектепте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын	33	97%			3%
2	Мен тиімді әдістемелік көмек аламын		94%	6%		
3	Мен еңбек жағдайына қанағаттанамын		97%	3%		

4	Мен мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанамын	91%	9%		
5	Мектеп оқушылар арасындағы жанжалдарды тоқтатады және тиімді шешеді	97%	3%		
6	Мен мектептің оқу-материалдық базасына қанағаттанамын	84%	16%		
7	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	87%	13%		
8	Мен мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанамын	94%	6%		
9	Әріптестер маған көмектесуге әрқашан дайын	94%	6%		
10	Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу-әдістемелік және техникалық құралдарды ұсынды	94%	6%		
11	Мектепте менің кәсіби және шығармашылық өсуім үшін жағдай жасалған	91%	9%		
12	Мектепте педагогтарды көтермелеу әдістері белгіленген	94%	6%		
13	Мен жұмыс істейтін балалар білімге ұмтылады	91%	9%		
14	Мен оқушылармен	97%	3%		

	қанағаттанамын					
15	Мен сынып жетекшісі ретіндегі жұмысыма қанағаттанамын ба?		74%	26%		
16	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз		40%	10%	47%	3%

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын негізге ала отырып мектепте 27 ақпан және 15 наурыз аралығында өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу барысында анықталған кемшіліктер мен ескертулер:

1. Республикалық байқауларға офлайн қатысқан оқушы санының аздығы;
2. Қолданбалы және элективті курстардың мазмұнының төмендігі;
3. Авторлық және әдістемелік нұсқаулық дайындаған мұғалімдер үлесінің аз болуы.
4. «Күнделік», BilimClass электронды журналында интернет байланысының нашарлығына және kundelik.kz жүйесінің техникалық тұрғыда тұрақсыз жұмыс істеуіне байланысты мұғалімдердің журналға қойған белгілерінің дұрыс түспеуі, сонымен қатар бірнеше мұғалімнің электронды журналды толтыру қағидаларын жауапкершілікпен орындамауы себебінен түзетулер санының артуы.

Анықталған кемшіліктерді шешу жолдары:

1. Педагогтардың біліктілігін жетілдіруі мен үздіксіз дамуына басшылық жасау;
2. Мектептің даму бағдарламасын жоспарлауға және жүзеге асыруға педагогтардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

3. Мемлекеттік білім беру стандарты мен оқу бағдарламаларының жүзеге асырылуын қадағалау;

4. Шығармашылық жұмысқа қолдау көрсету;

5. Озық педагогикалық тәжірибенің таратылуын ұйымдастыру және қолдау;

6. Оқушылардың сапалық білім алуын қамтамасыз ету.

7. Мұғалімдер мен оқышылардың ақпараттық құзіреттілігін көтеру;
8. Оқышылардың дамуына ата-ана, мектеп болып бірлесе отырып әрекет жасау; 9. Лингофон, робототехника, физика география кабинеттерімен, сапалы интерактивті такталар мен компьютермен толықтыру;

10. Мұғалімдер мен білім алушылардың ақпараттық құзіреттілігін және компьютерлік сауаттылығын жетілдіру;

11. Дарынды, талантты оқышыларды үздіксіз дайындау нәтижесінде түрлі бақылауларға шығару;

12. Оқышылардың өзін-өзі басқаруын дамыту

13. ЖОО-мен, педагогикалық шеберлік орталықтарымен тығыз байланыс орнату арқылы педагогикалық ұжымның кәсіби құзіреттілігін арттыру

10. Қорытындылар мен ұсыныстар:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдесіндегі № 366 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын негізге ала отырып мектепте 20 ақпан және 15 наурыз аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілгенін айтты. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 2-ші тарауы бойынша барлық бөлімдер: 1-параграфтың 9-11 бөлімдері, 2-параграфтың 12-15 бөлімдері басшылыққа алынып, іс-шаралар жоспарына сәйкес орындалды. Өзін-өзі бағалауды жүргізу барысында барлық комиссия құрамы өзіне жүктелген міндеттемелерді өз деңгейінде орындады. Педагогикалық ұжым мүшелері толық қамтылып, оқышылармен жұмыстар жүргізіліп, негізгі орта және жалпы орта білім беруін жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының негізінде анықталды.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 1-ші параграфы бойынша: Өлшемшартта көрсетілген 8,9 қосымшалары бойынша даярлық сынып

тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан, тәрбиеленушілерінен сауалнама алынды және 1 параграфтың 9-11 тарауларының бөлімдері жинақталды және аналітикалық талдау жасалды. Даярлық сыныбы оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп, іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерге тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Тәрбиеленушілер аудан көлемінде ұйымдастырылып өткізілетін ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестерге қатысып, өз құзыреттіліктерінің көтерелі, өзіндік білім көтеру үрдісінде бейімделген бағдарламалар мен қосымша білім беру бағдарламаларын қолданады. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын итеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылды. Психологиялық және эмпационалық жағдайды жақсарту, денсаулықтарын нығайту мақсатында көптеген жұмыстар ұйымдастырылды. Медициналық қызмет көрсету өз деңгейде жүргізіледі. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі оқытушылардың дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік материалдық базасы қажеттілігіне сай жабықталған. Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Тәрбиеленушілер жана инновациялық технологиялар арқылы балаларға білім беріледі.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 2-ші параграфы бойынша: Өлшемшартта көрсетілген 7,8,9,10,11,12,13 қосымшалары және 2 параграфтың 12-15 тарауының 19 бөлімі жинақталды және аналитикалық талдау жасалды: 12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар: 1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҰОЖ) сәйкес. 2022 жылдың 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесінде қаралып білім беру ұйымының басшысымен бекітілген. Сабақ кестелері ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығына сәйкес жасалған.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игерілілуі жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жасалған. 3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмыстары талапқа сай құрылған, рәсімделген.

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрнекті-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасалынған. Мектепте спорттық, көркем-эстетикалық және пәндік бағыттағы үйірмелерге оқушылар 78,7% қамтылған. Жалпы мектеп бойынша оқушы спорттық және көркем-эстетикалық пен пәндік үйірмелелерге қамтылған.

5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі) оқытудың тереңдетілген сыныптары – жоқ.

6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырылған. Білім алушылардың денсаулығына байланысты дәрігерлік консультациялардың қорытындылары негізінде жұмыстық оқу жоспарлары талапқа сай жасалынған. Үйде оқыту процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген қосымшалар үйде жеке тегін оқыту жоспары басшылыққа алынады.

7) ҰОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен тандау курстары ЖОЖ сәйкес іске асырылды.

8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы педагогикалық кенесте қаралып, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес өткізіліп отыр. 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілген.

Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. 5-9 сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Дене шынықтыру" оқу курсының шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан дене шынықтыру мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылады. Мектепте террористік әрекеттің алдын алу, мекеме объектісін және ондағы қызметкерлер мен білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту мақсатында арнайы өткізу режимі бойынша объектіге кірер есікте келушілерді вахтер құжаттары арқылы журналға тіркеп, олардың кіріп- шығуын бақылауға алады. Мектеп ішінде 3, ауласында 3 бейнебақылау қондырғылар жүйесі іске қосылған. Мектепте штаттық кестеге сәйкес 2 вахтер және 3 қарауыл жұмыс істейді. «Террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты» жасалынған. Сонымен қатар, қауіпсіздікті сақтау мақсатында мектептің ішкі (ұлдар, қыздар) әжетханасы іске қосылған.

9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы оқушылардың өмір қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету және келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында 1-4-сыныптардағы әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. 5-8-сыныптарда "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі.

10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақталған.

13. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы талапқа сай;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы талапқа сай жасақталған.

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталған.

14. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) талапқа сай;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындалған;

4) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау қорытындысы:

Білім беру ұйымдарын бағалау кезіндегі кешенді тестілеуге 4 сынып – 13 білім алушы. Қатысуы-93% 4- сыныптар бойынша 46.6% сапа көрсетті. 9- сынып – 23 білім алушыны түгел қатысты. Қатысуы – 100%. 9 сыныптар бойынша 54.1 % сапа көрсетті. Мектеп бойынша 4,9 сыныптар 50,35 % көрсетті.

16. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақталған.

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталған.

Өзін-өзі бағалау барысында:

-жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі сәйкес;

-медициналық қызмет көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымының лицензиясы мен лицензияға қосымша бар және шарт негізінде білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуде;

- білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісі 72 орындық асхана бар, ыстық тамақпен 107 оқушы қамтамасыз етілген;

-оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қоры Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрықпен бекітілген нормаларға сәйкес;

-компьютерлік сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 наурыздағы №79 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарындағы пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға сәйкес және интернет желісіне қосылған;

-пәндік кабинеттер, зертханалар, спортзал жабдықталған;

-edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атауы бар: 025 mektep.edu.kz ;

-мектепте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына сәйкес санитариялық тораптары (унитаздар, кол жуғыштар) орнатылған;

-Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 бірлескен бұйрығына сәйкес мектеп ішінде 3, мектеп ауласында 3 бейнебақылау жүйесі талапқа сай орнатылған;

-білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінде және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорына сәйкес енгізілген;

-ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасалған. Кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, пандустар, пандустар тұтқалармен жабдықталған, есіктер мен баспалдақтар қарама-қарсы бояумен боялған.

-2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 7-13 қосымшалар толық толтырылды.

«Өзін-өзі бағалау» бойынша құрылған комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарын және тексеру критерийлерін жұмыс барысында басшылыққа алып, өзін-өзі бағалау қорытындысына «жақсы» деген бағамен бағалады.

Шешімі :

1.Айтқұл Шынасилов атындағы орта мектебінің бағалау өлшемшарттары бойынша жасалған «Өзін-өзі бағалау» нәтижелері **жақсы** деп бағалансын.

Педагогикалық кеңес төрағасы:

Хатшы:



І.Қ. Назарбеков

Г.Шабденқызы